

## **Мемлекеттік резервте белгіленген көлемнен тыс дизель отынын қалыптастыру жөніндегі кейбір мәселелер туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 ақпандағы N 156 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 26 шілдедегі N 777 қаулысымен

Көктемгі дала және күзгі дала жұмыстары кезеңінде дизель отынының бағасын тұрақтандыру, мемлекеттік резервке дизель отынын белгіленген көлемнен тыс сатып алу тәртібін белгілеу мақсатында және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 24-бабына және "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда мемлекеттік резервте дизель отынын белгіленген көлемнен тыс қалыптастыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Комиссия туралы ереже;

2) Мемлекеттік материалдық резервке белгіленген көлемнен тыс дизель отынын мемлекеттік сатып алуды жүргізу ережесі бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 9 ақпандағы

N 156 қаулысына

қосымша

**Мемлекеттік резервте дизель отынының белгіленген мөлшерден тыс мөлшерін қалыптастыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы**

- Школьник Владимир Сергеевич  
төраға - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрі,
- Саркенов Қабидолла Зұлқашұлы  
орынбасары - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің төрағасы, төрағаның
- Исаев Мұсабек Исаұлы  
директоры, хатшы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мұнай өнеркәсібі департаментінің
- Қадамбаев Тоқтарбай Қадамбайұлы  
төрағасының орынбасары - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі
- Сағынтаев Бақытжан Абдірұлы  
(келісім бойынша) - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттік төрағасының орынбасары
- Базарбаева Әсия Бақытқызы  
төрағасының орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті
- Әбдіреев Батырбек Сейкенұлы  
салалары департаментінің директоры - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Өнеркәсіп
- Байшолақов Алмат Мұратұлы  
сараптамасы департаментінің директоры - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Заңға тәуелді актілердің
- Доскенов Мирас Жүсіпбекұлы  
директоры - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ауыл шаруашылығы машинасын құрастыру және техникалық саясат департаментінің
- Ермекова Несіпбала Әбсағитқызы  
міндетін атқарушы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық органдардың шығыстарын жоспарлау департаменті директорының

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2004 жылғы 9 ақпандағы  
№ 156 қаулысымен  
бекітілген

**Мемлекеттік резервте дизель отынын белгіленген  
көлемнен тыс қалыптастыру мәселелері жөніндегі  
ведомствоаралық комиссия туралы  
ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік резервте дизель отынын белгіленген көлемнен тыс қалыптастыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) көктемгі дала және күзгі дала жұмыстары кезеңінде дизель отынының бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімдерін және мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

**2. Комиссияның міндеттері, функциялары және құқықтары**

3. Көктемгі дала және күзгі дала жұмыстары кезеңінде дизель отынының бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу комиссияның негізгі міндеті болып табылады.

4. Комиссияның негізгі міндеттеріне, функцияларына сәйкес:

1) көктемгі дала және күзгі дала жұмыстары кезеңінде бағаны тұрақтандыру үшін мемлекеттік резервке салынатын дизель отынын белгіленген көлемнен тыс қалыптастыру үшін сатып алудың ең жоғарғы бағасының мерзімін, көлемдерін, деңгейін және болжамды қажеттіліктерге сәйкес өңірлер бойынша оны сақтауға орналастыру тәртібін анықтау;

2) тиісті жылға арналған бюджеттік өтінімге енгізу үшін мемлекеттік резервке белгіленген көлемнен тыс сатып алу көлемі;

3) көктемгі дала және күзгі дала жұмыстары кезеңінде дизель отынының бағасын тұрақтандыру үшін мемлекеттік резервте қалыптастырылған дизель отынын белгіленген көлемнен тыс тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша сату мерзімдері мен көлемдерін анықтау;

4) бір сатып алушыға сатылатын дизель отынының ең жоғарғы көлемін,

сондай-ақ көктемгі дала және күзгі дала жұмыстары кезеңінде дизель отынының бағасын тұрақтандыру үшін қажет ең төменгі кесімді бағаның деңгейін белгілеу;

5) белгіленген көлемнен тыс дизель отынын сатып алу және (немесе) броньнан шығару тәртібімен шығару;

6) мемлекеттік резервтен дизель отынын белгіленген көлемнен тыс броньнан шығару тәртібімен шығаруды тоқтату мәселелерін шешу;

7) дизель отынының экспортына уақытша тыйым салуды енгізу;

8) көктемгі дала және күзгі дала жұмыстары кезеңінде дизель отынының бағасын тұрақтандыру тетігін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

5. Комиссия алдына қойылған міндеттерге сәйкес:

1) мемлекеттік органдардан Комиссияның жұмысы үшін қажетті кез-келген а қ п а р а т т ы с ұ р а т у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігіне өз құзыреті шегінде мемлекеттік резервтің белгіленген көлемнен тыс дизель отынын сатып алу және сату тәртібі туралы ұсыныстар е н г і з у ғ е ;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне көктемгі дала және күзгі дала жұмыстары кезеңінде дизель отынының бағасын тұрақтандыру тетігін жетілдіру б о й ы н ш а ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ғ е ;

4) дизель отынының экспортына уақытша тыйым салуды кіргізу туралы Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне ұ с ы н ы с т а р ж і б е р у ғ е ;

5) Комиссияның отырыстарында мемлекеттік органдардың жауапты өкілдерін, өзге де адамдарды тыңдауға;

6) қажет болғанда мемлекеттік органдардың тиісті бөлімшелері немесе тиісті салалардағы мемлекеттік мекемелер мамандарының ішінен сарапшыларды т а р т у ғ а ;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мұнай өнімдері өндірісі мен айналымы деректерінің бірыңғай базасын пайдалануға;

8) өз өкілеттілігі шегінде өзге де іс-шараларды жүзеге асыруға құқылы.

### **3. Комиссияның жұмыс істеу тәртібі**

6. Комиссияны Төраға басқарады. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары атқарады.

Комиссия Төрағасы комиссияның жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады, мәжілістің күн тәртібін, уақытын және өткізілетін орнын белгілейді, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

7. Комиссияның хатшысы жұмысты ұйымдастыруды, тиісті материалдарды, Комиссияның ұсынымдарын әзірлеуді жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

9. Комиссия отырысы қажеттілігіне қарай, айына кемінде бір рет өткізіледі және егер оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысса, ол заңды деп есептеледі.

10. Комиссияның шешімі ашық түрде дауыс берумен қабылданады және егер оларға мәжіліске қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп есептеледі. Комиссия шешімдерін қабылдау хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатқа ие.

11. Комиссия мүшелері шешім қабылдау кезінде тең дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда, Төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

12. Комиссия мүшелері ерекше пікір білдіруге құқылы, білдірілген жағдайда ол жазбаша түрде баяндалуы және хаттамаға тіркелуі тиіс.

13. Комиссия отырысында Төрағаның шақыруы бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары және өзге де лауазымды адамдар қатыса алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2004 жылғы 9 ақпандағы  
N 156 қаулысымен  
бекітілген

**Мемлекеттік материалдық резервке белгіленген көлемнен тыс дизель отынын мемлекеттік сатып алуды жүргізу ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы мемлекеттік материалдық резервке белгіленген көлемнен тыс дизель отынын мемлекеттік сатып алуды жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) республикалық бюджет қаражаты есебінен рынокқа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік материалдық резервке белгіленген көлемнен тыс дизель отынын мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Рынокқа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервке белгіленген көлемнен тыс дизель отынын мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ерекше тәртіппен теңдер өткізу жолымен жүзеге асырылады.

3. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банктік кепілдік - әлеуетті жеткізушінің тендерлік өтінімде мәлімдеген жалпы сомасының 3 (үш) пайызы мөлшеріндегі екінші деңгейдегі банк кепілдігі;

2) сатып алудың ең жоғарғы бағасы - ведомствоаралық комиссия ұсынған және ақпараттық хабарламада жарияланған тауарды сатып алудың ең жоғарғы

б а ғ а с ы ;

3) тендерді ұйымдастырушы - атқарушы және бақылаушы функцияларды, сондай-ақ мемлекеттік резерв жүйесіне басшылықты іске асырушы мемлекеттік о р г а н ;

4) жеткізуші - мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін тендерлік комиссия анықтаған тендердің жеңімпазы;

5) әлеуетті жеткізуші - шарт жасасу мақсатында тауарды мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын жеке немесе заңды тұлғалар;

6) тендер - тауарды жеткізушіні (жеткізушілерді) анықтауға бағытталған к о н к у р с т ы қ с а у д а ;

7) тендерлік құжаттама - тендерге қатысуға арналған тендерлік өтінімдерді дайындау үшін әлеуетті жеткізушілерге берілетін құжаттама;

8) тендерлік өтінім - әлеуетті жеткізушілердің тендерлік құжаттамаға сәйкес жазбаша нысанда жасалған тендерлік ұсынысы;

9) тендерлік комиссия - тендердің жеңімпазын анықтау үшін құрылатын, ведомствоаралық комиссияның ұсынымы бойынша тендерді ұйымдастырушы құрамын анықтайтын комиссия;

10) тауар - осы Ережеге сәйкес мемлекеттік материалдық резервке белгіленген көлемнен тыс мемлекеттік сатып алуға жататын және рынокқа реттеушілік ықпал жасауға арналған дизель отыны;

11) өтінім бағасы - әлеуетті жеткізушілердің тауарға ұсынатын бағасы.

## **2. Тендерді өткізуге дайындық**

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген көлемнен тыс қосымша тауар салу туралы шешім қабылдайды.

5. Осы шешімнің негізінде тендерді ұйымдастырушы мемлекеттік резервте дизель отынын белгіленген жастан тыс қалыптастыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі - ведомствоаралық комиссия) ұсыныстары мен ұсынымдарын ескере отырып тендер өткізу шараларын ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

6. Ведомствоаралық комиссия тендерді ұйымдастырушыға мынадай:

1) тауарды сатып алудың ең жоғарғы бағалары, тауарды жеткізу базистері б о й ы н ш а ;

2) мұнай өңдеу зауыттарын мұнай жеткізу және оларды жоспарлы жөндеу кестесіне байланысты тауарды сатып алу мерзімдері бойынша ұсыныстар мен ұ с ы н ы м д а р ж і б е р е д і .

7. Тендерді ұйымдастырушы тендерлік комиссияны құрады. Тендерлік комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және тендерлік комиссияның мүшелері кіреді. Тендерді ұйымдастырушының бірінші басшысы немесе оның орынбасары тендерлік комиссияның төрағасы болып табылады.

Тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан, тендерлік комиссияның хатшысын есептемегенде, комиссия төрағасын қосқанда кемінде үш адамнан құралуы тиіс.

Тендерлік комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады.

Төраға болмағанда оның міндетін орынбасар атқарады.

8. Тендерлік комиссияның хатшысын тендерді ұйымдастырушы тағайындайды және ол тендерді ұйымдастырушының тиісті құрылымдық бөлімшесінің қызметкері болып табылады. Тендерлік комиссия шешімдер қабылдаған кезде тендерлік комиссия хатшысының дауыс беру құқығы болмайды.

Тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті жеткізушілерге тендерлік құжаттаманы ұсынады, әлеуетті жеткізушілерден құжаттар пакетін қабылдайды, келіп түскен тендерлік өтінімдерді тіркеуді жүргізеді, тендерлік комиссияның отырысы өткеннен кейін оның хаттамалық шешімін ресімдейді, тендердің қорытындысы бойынша барлық әлеуетті жеткізушілердің мекен-жайына хабарламаларды әзірлейді және жібереді, олардың көшірмелеріне бұл хабарламаны кімге және қашан тапсырғанын немесе жібергендігін белгілейді.

9. Тендерлік комиссия:

1) өз жұмысының регламентін дербес әзірлейді және бекітеді;

2) тендер өткізеді;

3) тендерлік өтінімдерді қарайды және тендердің жеңімпазын анықтау жөнінде шешім қабылдайды.

10. Тендерді ұйымдастырушы тендерлік комиссия бекіткен ақпараттық хабарлама әзірлейді және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес белгіленген республикалық баспасөз басылымдарында жариялайды. Хабарлама тендердің басталуына дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жарияланады. Тендерді өткізу туралы хабарламада:

1) тендерді ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;

2) тендердің өткізілетін орны, күні мен уақыты, сондай-ақ тендерге қатысуға тендерлік өтінімді беру орны мен мерзімі;

3) ведомствоаралық комиссияның ұсынымы ескеріле отырып қажетті көлемді, сатып алудың ең жоғарғы бағасы, жеткізу шарттары, мерзімі мен жеткізу базисі қамтылатын тауар туралы мәлімет;

4) тендерлік құжаттаманы алу орны;

5) банк кепілдігінің мөлшері;

б) нәтижелерді жариялаудың тәртібі мен мерзімдері қамтылуы тиіс.

11. Хабарлама тілдер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жарияланады.

12. Тендерді ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушілерге ұсынатын тендерлік құжаттама осы Ережеде белгіленген барлық талаптарға жауап беруі және тендерге қатысуға өтінім нысанынан тұруы қажет.

13. Тендерлік құжаттама тілдер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде және/немесе орыс тілінде беріледі.

14. Тендерді ұйымдастырушы тендерге қатысқысы келген әлеуетті жеткізушілерге тендерлік құжаттаманы бергені үшін тендерлік құжаттаманың көшірмесін жасаудың нақты шығынынан аспайтын ақы алады.

15. Тендерге қатысу үшін әлеуетті жеткізуші мынадай біліктілік талаптарына с ә й к е с б о л у ы к е р е к :

1) ұқсас тауарлар рыногында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің, тауарды жеткізу туралы шартқа сәйкес міндеттемелерін орындау үшін қажетті қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарының болуы;

2) тауарды жеткізу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқық қабілетінің б о л у ы ;

3) төлем қабілетінің болуы, таратуға жатпауы тиіс, оның мүлкіне тыйым салынбауы тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тоқтатылмауы тиіс;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, тендерді өткізу күнінен бұрынғы кем дегенде үш ай ішінде салық борышының және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақылық жарналары бойынша борышының болмауы т и і с .

16. Тендерге қатысу үшін әлеуетті жеткізушінің мынадай құжаттарды беруі міндетті ш а р т б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) белгіленген нысан бойынша тендерге қатысуға арналған өтінім;

2) әлеуетті жеткізушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін р а с т а й т ы н құ ж а т т а р т і з б е с і ;

сертификаттардың, әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын тауарды жеткізу және сату құқығын растайтын басқа да құжаттардың нотариалды расталған к ө ш і р м е л е р і ;

бухгалтерлік баланс; тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашатын күннен алдыңғы үш ай бұрын банк (банктер) алдындағы әлеуетті жеткізушінің мерзімі өткен борышының жоқтығы туралы бірінші басшының немесе оны ауыстыратын адам қол қойған банктің (банктердің) анықтамасы (егер әлеуетті жеткізуші екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетел



банкiнiң клиентi болып табылса, осындай анықтама осы банктердiң әр қайсысынан берiледi);

қызметкерлердiң бiлiктiлiгi, мамандығы бойынша тауар өндiруге арналған жұмыс өтiлi көрсетiле отырып олардың болуы мен саны туралы құжат; заңды тұлғаның мемлекеттiк тiркелгенi (қайта тiркелгенi) туралы куәлiктiң немесе тиiстi мемлекеттiк орган берген заңды тұлғаның бiлiмiнсiз кәсiпкерлiк қызметтi жүзеге асыруына құқық беретiн құжаттың нотариалды куәландырылған көшiрмелерi ;

статистикалық карточканың нотариалды куәландырылған көшiрмесi; нотариалды куәландырылған құрылтайшылардың құрамы туралы құрылтай шарттан үзiндi, егер әлеуеттi жеткiзушi акционерлiк қоғам болған жағдайда - акция ұстаушылар тiзiлiмiнен үзiндi;

тиiстi салық органының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзiмi ұзартылған жағдайларды қоспағанда, тендер өткiзiлетiн күннен бұрынғы кем дегенде үш ай iшiнде салық борышының және жинақтаушы зейнетақы қорына мiндеттi зейнетақы жарналары бойынша борышының жоқ екендiгi туралы бiрiншi басшының немесе осы салық органының мөр басып, қол қоюға құқығы бар адамының қолы қойылған белгiленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы ;

3) әлеуеттi жеткiзушiнiң барлық нақты шығындарын қамтитын, әлеует жеткiзушiнiң ұсынған бағасы ;

4) техникалық ерекшелiгi (халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға, бiрыңғай нормалар мен ережелерге ерекшелiктер мен сiлтемелердi қоса алғанда ұсынылатын тауардың техникалық сипаттамасы);

5) ұсынылатын қосалқы қызмет көрсетулер;

б) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда тендерлiк өтiнiмдi қамтамасыз етудiң енгiзiлуiн (банк кепiлдiгiн) растайтын құжаттың түпнұсқасы.

Күнтiзбелiк жыл iшiндегi келесi тендерлерге тiркеу кезiнде әлеуеттi жеткiзушi :

тиiстi салық органының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзiмi ұзартылған жағдайларды қоспағанда, тендер өткiзiлетiн күннен бұрынғы кем дегенде үш ай iшiнде әлеуеттi жеткiзушiнiң салық борышының және жинақтаушы зейнетақы қорына мiндеттi зейнетақы жарналары бойынша борышының жоқ екендiгi туралы бiрiншi басшының немесе мөр басып қол қоюға құқығы бар адамның қолы қойылған анықтамасының түпнұсқасын;

тендерлiк өтiнiмдерi бар конверттердi ашатын күннен үш ай бұрын банк (банкiлер) алдында әлеуеттi жеткiзушiнiң мерзiмi өткен борышкерлiгi жоқтығы туралы бiрiншi басшы немесе оны ауыстыратын адам қол қойған анықтаманы (егер әлеуеттi жеткiзушi екiншi деңгейдегi бiрнеше банктердiң немесе

филиалдардың, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болса, осындай анықтама осы банктердің әрқайсысынан беріледі) қоспағанда осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды бермейді.

Егер күнтізбелік жыл ішінде әлеуетті жеткізушінің осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарда өзгерістер болған жағдайда, онда ол тендерді ұйымдастырушыға өзін одан әрі қатысушы ретінде тіркеуі үшін сол өзгерістерді ұсынады (заңды тұлғаның мемлекеттік тізілімінен көшірме).

Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда әлеуетті жеткізушінің тендерлік өтінімі қабылданбайды.

17. Әлеуетті жеткізуші басылатын, қол қойылатын және жекелеген конвертке салынатын тендерлік өтінімнің түпнұсқасын әзірлейді және береді.

Тендерлік өтінімде жол арасында енгізулерге, өшірулер немесе қоса жазуларға жол берілмейді.

Тендерлік өтінімде әлеуетті жеткізуші шарт жасасқан кезде қажетті негізгі шарттарды: тауардың атауын, сапалық, техникалық сипаттамаларын, бағасын, мөлшерін, жеткізу мерзімін, жеткізу және төлем шарттарын көрсетеді.

18. Тендерлік өтінімдер тілдер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік не орыс тілдерінде жасалып, табыс етілуі м ү м к і н .

19. Әлеуетті жеткізуші тендерге қатысу үшін талап етілетін құжаттар пакетін тендерді ұйымдастырушыға қолма-қол, поштамен не өзге де қолайлы тәсілмен т а п с ы р у ы к е р е к .

20. Тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті жеткізушілерді тіркеу журналын жүргізеді, онда әлеуетті жеткізушілердің атауы, мекен-жайы, телефоны мен факсының нөмірі, өтінімді ұсынған адамның тегі, аты, әкесінің аты, өтінімнің келіп түскен күні, уақыты, өтінімнің қысқаша мазмұны көрсетіледі .

21. Әлеуетті жеткізушілерді тіркеу ақпараттық хабарлама жарияланған күннен басталады және тендер өтінімдері бар конвертті ашу уақытына дейін бір сағат қалғанда аяқталады.

22. Өтінімдерді қабылдау және әлеуетті жеткізушілерді тіркеу талап етілетін құжаттардың толық пакеті бар болған кезде жүргізіледі. Ұсынылған ақпараттардың толықтығы тендерді ұйымдастырушы әлеуетті жеткізуші ұсынған құжаттарды қараған сәтте анықталады.

23. Тендерге қатысу үшін қажетті құжаттар пакеті, осы Ереженің 20-тармағында көзделген журналда тіркелгеннен кейін, тендер өткізілетін күнге дейін тендерлік комиссия хатшысының арнайы сейфінде сақталады.

24. Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімдері бар конвертті ашуға дейін бір сағаттан кешіктірмей тендерге қатысудан бас тарта алады. Бұл жағдайда оның

енгізген банк кепілдігі тендерге қатысудан бас тартқан сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады.

### **3. Тендерді өткізу тәртібі**

25. Тендер өткізудің кезеңділігін ведомствоаралық комиссияның ұсынымын ескере отырып, тендерлік комиссия анықтайды және ол тендерлік комиссия отырысының хаттамасында белгіленеді.

26. Конверттерді ашу және әлеуетті жеткізушілердің ұсыныстарын жария ету әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Тендерлік комиссияның одан кейінгі отырыстары осы Ереженің 28-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдерінсіз өтеді.

27. Тендерде әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерімен танысу және тендерлік ұсыныстарын жариялау жүргізіледі. Тендерлік комиссия қатысушылардың ұсыныстарын талдағаннан және бағалағаннан кейін тендердің жеңімпазын анықтайды.

28. Комиссия тендерлік өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру кезінде, өтінімнің мазмұнына түсінік беру үшін әлеуетті жеткізушіні өзінің отырысына шақыруы мүмкін.

29. Ең жоғарғы сатып алу бағасынан жоғары емес әлеуетті жеткізушінің өтініміндегі баға жеңімпазды анықтаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Отандық тауар өндірушілер басқа қатысушылар алдында өздері жеткізетін тауарды жеткізу, бағасы мен төлем шарттары тең болған кезде басымдыққа ие болады.

30. Тендерлік өтінімдерді қарау кезінде өтінімнің неғұрлым төмен бағаны ұсынған әлеуетті жеткізушілер жеңімпаз болып табылады.

31. Тендерлік Комиссия тендердің жеңімпазы деп танылған әлеуетті жеткізушілерге жазбаша нысанда шарттар жасасудың талаптарын: тауар бағасын төмендету, жеткізу мен төлеу шарттарын өзгерту туралы ұсыныстар жасауы мүмкін.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартқа жеткізушіні таңдау үшін негіз болған, сапасы, мөлшері және басқа да жағдайларды өзгертусіз, қалған жағдайда бағаны арзандату бөлігінде өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

32. Тендерлік комиссияның шешімі тендерлік комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс беру тәсілін (ашық, жабық) тендерлік комиссия анықтайды.

Тендерлік комиссия мүшелері ерекше пікір білдіруге құқылы, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде баяндалады және комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

33. Тендерлік комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

34. Тендер қорытындысы қорытынды туралы хаттама түрінде ресімделеді. Тендер қорытындысы туралы хаттама тендер өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалады және онда:

1) тендердің жеңімпазының атауы мен орналасқан жері және ол бойынша жеңімпаз анықталған шарттар көрсетіле отырып сатып алынатын тауардың атауы мен қысқаша сипаттамасы;

2) тендерлік өтінімдер берген әлеуетті жеткізушілердің атауы мен орналасқан жері;

3) тендерлік өтінімдер берген әлеуетті жеткізушілердің біліктілік деректері немесе ондай деректердің болмауы;

4) баға және әрбір тендерлік өтінімнің басқа да негізгі шарттарын қысқаша баяндау;

5) бағалауды баяндау және тендерлік өтінімдерді салыстыру;

6) тендерлік өтінімдерді қайтарудың себептерін көрсету;

7) егер тендердің нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса себебін көрсету;

8) тендер қорытындысы шығарылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен аспайтын шартқа қол қою мерзімі көрсетіледі.

Тендерлік өтінім, тендерлік құжаттамаға сәйкес онда көрсетілген мерзім ішінде күшінде болады.

35. Тендерді ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және хабарламамен бірге оны тендердің жеңімпазы - әлеуетті жеткізушіге жібереді.

Тендердің жеңімпазы оның тендерлік өтінімі жеңді деп танылғаны туралы хабарламаны және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы шартқа қол қояды немесе тендерді ұйымдастырушыны келіспеушіліктердің бар екендігі, қол қоюдан бас тартатындығы туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Тендерлік комиссия жеңімпаз деп белгіленген әлеуетті жеткізуші шартқа қол қоюдан бас тартқан кезде, осы Ереженің 31-тармағында көзделген жағдайларды заңнамада белгіленген тәртіппен банк кепілдігінің сомасы өндіріп алынады.

36. Өтінімі қайтарылған әлеуетті жеткізушіге банк кепілдігі тендер өткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады.

#### **4. Қорытынды ережелер**

37. Әлеуетті жеткізушінің тендерде қайтарылған өтінімі оның жазбаша өтініші бойынша, осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген талаптар орындалған жағдайда, келесі тендерде қаралуы мүмкін.

38. Мемлекеттік материалдық резервке тауар жеткізу мемлекеттік сатып алу туралы шарт жағдайларына сәйкес жүргізіледі.  
Шарт бойынша төлем төлеу жеткізу фактісі бойынша жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК